

ЛЕКЦИЯ 9. СПОРТТЫҚ КҮРЕСТЕН ЖАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

1. Жарысты өткізудің мақсаты
2. Жарыстың түрлері
3. Жарыстың қоғамдық-саясаттық және педагогикалық маңызы
4. Жарысты өткізудің тәсілдері

Күреспен жарыс өткізудің мақсаты күшті балуандарды (күшті команданы) анықтау, спорттық ұжымның және жаттықтырушылардың оқу-жаттығу және тәрбиелік жұмыстардың қорытындысын байқау және балуандардың әрі қарай спорттық шыңдауына жағдай жасау және де күрестік кеңінен тарауына әсерін тигізуі.

Біріншілік (первенство) жарысы оқулық топтарында, секция арасында, дене тәрбиесі ұжымдарында өткізіледі.

Районның, қаланың, облыстың, аймақтың, республиканың, Азияның, Европаның, дүниежүзілік біріншілігі өткізіледі. Бұл жарыстарда күшті балуандарды, команданы, ұжымдарды, республиканы және елдерді анықтайды.

Дәстүрлі (традиционный) жарысқа спорттың және қоғамдық ұжымдардың жүлдесі және хкубогы үшін қатысады. Бұл жарыстар мейрамдарға, мемлекеттік қайраткерлерін еске түсіруіне, Совет Одағының батырларына және әйгілі спортшыларға арналады.

Біздің елімізде осындай жарыс жылда әр күрестің түрлерінен өткізіледі. Мысалыға Шымкентте еркін күрестен Сабыр Рахимов атында, грек-рим күресінен Мардан Сапарбаев атында, Семейде Дәулет Турлыханов атында, Қарағандыда Ш.Харисов атында, Жамбылда Жақсылық Үшкемопиров атында, қазақша күрестен Қажымұқан Мұңайтпасов атында (Шымкентте) өткізіледі.

Іріктеу жарыстары еліміздің, спорттық қоғамына құрама командаларын құрастыру үшін ең күшті балуандардың арасында өткізіледі.

Жарыстар көлемі жағынан аймақтық, халықаралық болып бөлінеді. Аймақтық жарысты ұйымдастырудың мақсаты қалада, районда,

облыста, республикада күрестің кәзіргі жағдайын тексеру үшін ұйымдастырылады. Бұл жарысқа сол аймақта тұратын спортшыларды қатыстырады.

Халықаралық жарыс әртүрлі масштабта өтуі мүмкін: Олимпиада ойыны, дүниежүзінің біріншілігі, Европаның, Азияның, Африканың,

Американың ересектер және жастар арасында, дүниежүзілік универсиада, Европа біріншілігінің кубогі, турнирлер, т.б. Бұл жарыстарды ұйымдастыратын халықаралық әуесқой күрес федерациясы (ФИЛА).

Қойылған мақсатқа байланысты жарыс жеке командалық және жеке-командалық болып бөлінеді.

Жеке жарыста әр қатысушының командалардың орыны анықталады. Жеке-командалық жарыста әр қатысушылардың жеке орынын және командалық есептегі орынын анықтайды. Жарыстың агитациялық маңызы болып саналады, олар қызық спорттық көрініс ретінде көрсетіледі және үлкен көп көрермендерді шақырады.

Халықаралық жарысты жақсы деңгейде өткізу, сол елдер үшін үлкен намыс (престиж) болады. Сондықтан да Европаның және басқа жарыстардың біріншілігін өткізу, әртүрлі елдерде мемлекет (правительство) деңгейінде – ұйымдастырушы ретінде шешіледі.

Спорттық күрес жарысы өте қажетті оқулық-спорттық және тәрбиелік есептерді шешеді. Жарыс спортшылар мен жаттықтырушылардың тәжірибиесін алмасуының жақсы құралы. Жаттықтырушы өзінің шәкірттерінің қимылының күшінің шегіне дейін тырысқан жағдайда, оларға өзінің қасиеттерін көрсетуге мүмкіншілік берілгенде бақылауына мүмкіншілік алады. Жарыста ерекше орын алатыны жастармен жұмыс. Іс-тәжірибеде көрсеткендей І-жылдың екінші жартысында топтың ішінде жарыс өткізуге ұсынады. Жеңісті ең көп әдісті қолданғанда анықтау қажет. Жарысқа сол балаларды жіберу керек, оқулық-жаттығу сабақтарына жүйелі қатысқандарды. Жарыс барлық қатысушылардың салтанатты парадқа шығуымен ашылады.

Жарыстың тәрбиелік маңызы бекітіледі, сонда, көрермендердің қатысуы, спорттық күрестің жағдайының қиындығы спортшыларға өзінің қимылдарына үлкен жауапкершілікпен қарап, тек кілемде ғана емес, кілемнен тыс уақытта да, жинақтылықты, тәртіптілікті керек етеді.

Жарыс балуандардың мынадай қажетті мінездерін тәрбиелеуде әсерін тигізеді: қайсарлығын, жеңіске деген жигерлігін, батылдығын, ұстамдылығын, достық сезімін, жолдастықты және өзінің қарсыластарына деген сыйластығын. Олар зергерлік-қуаттылық дайындығының емтиханы болып табылады.

Спорттық күрестен жарыс мынадай жүйемен өткізіледі: айналмалы, шығару және топтыққа бөліп.

Айналмалы жүйесінде әр балуан бір-бірімен кездеседі.

Шығару жүйесінде балуан жарыстан 1 немесе 2 жеңіліс алған соң шығарылады.

Топтық жүйесінде әр салмақта 3 балуан топ құрады. Сол топтан

айналмалы тәсілмен I орын алғаны жарысты ары қарай жалғастырады.

Барлық дайындық жұмыстарын бірнеше этапқа бөлгені дұрыс.

I этап. Жарысқа дайындықты, сол ұжым жарыстың шартын бекіткен соң бастау керек. Жарыстың шартында көрсетілуі керек: жарыстың аты, мақсаты, өтетін жері және уақыты; жарысты басқарушы (кім ұйымдастырады және өткізеді); қатысушы ұжымдар және қатысушылар; талап хатты ұсынудың уақыты, жарыстың талабы, жеңімпаздарды анықтау және марапаттау.

II этап. Жарыс шартын бекітіп болған соң бірінші төрешілер алқасын бекітеді, ұжымның атынан жауапты кісіні қояды, жарысты өткізуші, шығынның есебін құрады, соның негізінен жарыс өткізуші ұжым ақшалай және материалдық қымбат заттарды алады. Шығын есебін (смета) құрастырғанда жарыстың атын көрсетеді, уақытын және өтетін жерін, төрешілер алқасының санын, қатысушыларды және тамақтануға кететін шығынды, орналасуға, баруына т.б. жарыс өтетін жерді талдауға да шығынып қарастырылады, көркемдік жабдықтарына, көлік шығынына және де жұмысшы қызметшілерге, дәрігерлерге төлеуін.

Екінші жарысқа дайындық кезеңінде ең күрделі және жауапкершілігіне жарыс өтетін жерді таңдау және жабдықтау, жарыстың бағдарламасын және графигін құрастыру, жарнамалар, плакаттар дайындау болып табылады.

Кілемнің төселуіне ерекше назар аудару керек, көрермендерге, қатысушыларға, жаттықтырушыларға және төрешілерге ыңғайлы болуын. Сәтсіздік жағдай болмас үшін кілемнің сыртынан 2 м бос жер қалдырылады.

Кілемнің күрес өтетін бөлімінің диаметрі, республикалық және халықаралық жарыстарда 9 м болу қажет. Әр кілемнің жанына табло құрады, балуандардың техникалық қимылдарының балдарын көрсетіп тұратын, ең керегі уақтылы керекті төрешілік сигналдарды, афишаларды, рекламалық щиттерді, дипломдарды, жетондарды, сыйлықтарды, вимпелдерді дайындау.

Жарысқа дайындықтың III этапында, жарысқа қатысушылардың қабылдауын және орналастыруын ұйымдастыру, мандаттық комиссия құжаттарын тексереді, қатысушыларға, жаттықтырушыларға, төрешілерге және команда өкілдеріне жалпы жиналыс өткізіледі.

Онан кейінгі жұмыс жарысты өткізу болып саналады.

Жарыстың бағдарламасы:

I күн – салмақтарын өлшеу.

II күн – алдын-ала белдесулері. III күн – оқтық белдесулер.

Төрешілер алқасын жарыстың бас төреші басқарады. Ол жарыстың барысын басқарады, қатысушылардың жарыстың ережелерін және шартын сақтауын қадағалайды.

Бас төреші жұмыстың дайындық этапында жарыстың шартын оқиды,

график пен бағдарлама құрастырады, жарыс өтетін жерді жабдықтауына тапсырма береді, төрешілер алқасын жинауға қатысады. Жарысқа дейін бас төреші ұйымдастыру комитетінің өкілі мен мүшелері және дәрігермен жарыс өтетін жерді көреді және кілемнің үстіне жабығын, жабдықтарын, спорттық инвесторларын, таразыны тексереді.

Жарыстың алдын ала бас төреші төрешілермен жиналыс өткізеді, жарыс шартымен таныстырады. Салмақты өлшеу үшін комиссия және төрешілер бригадасын тағайындайды.

Жарыс уақыты кезінде бас төреші белдесулердің барысын қадағалайды. Бас төрешіден ережені өте жақсы білуін және нақтылы сәттерде қатесіз қолдануының білгірлігі талап етіледі. Егер наразылық берілсе, бас төреші оны команда өкілінің қатысуымен төрешілер бригадасының жедел жиналысында талқылайды.

Кілем басқарушы төрешілер бригадасының жұмысын ұйымдастырады және жарысты жоғары спорттық деңгейде өтуіне жауап береді. Ол төрешілерді белдесуге бөледі, бригаданың жіберген қателерін түзейді және тоқтатады, балуандарды жарыстан шығарып тастауына қатысады.

Арбитр белдесу уақытысында жауапты қызмет атқарады. Арбитрдің жұмысы ол балуандарды мұқият қадағалап отырады, олардың қимыл әрекеттерін есептейді және ереженің бұзылуына жол бермейді. Кілем үстіндегі төреші ұстамды болу және күрестің шиелініскен сәттерде жайбарақаттылықты сақтауды білу және сенімді болу керек, көрермендердің және команда өкілдерінің әсеріне түспеу қажет.

Белдесу уақытысында арбитр сондай жерде тұру керек, ол балуандардың қимылын және жасалған әдістердің ұпайын жақсы көретін.

Ол жестті қолданады: 1 балл – үлкен саусақты көрсетеді, 2 балл – үлкен саусақпен – көрсететін саусақ, 3 балл – үлкен, көрсететін және орта саусақты, 5 балл – барлық саусақты ашып.

Кілемде жүргенде, ең жақсылы балуандардан 3-4 м қашықтықта және кілемнің шетінде жүру.

Жанама төреші – балуандардың техникалық қимылдарын есептейді, арбитрге ереженің бұзылғанын анықтауға көмектеседі және жеңімпазды анықтайды. Ол тез арада техникалық қимылдың орындалғанын есептеу керек.

Бақылау сұрақтары

1. Жарысты өткізудің мақсаты
2. Жарыстың қоғамдық-саясаттық және педагогикалық маңызы.
3. Жарыстың бағдарламасы

Әдебиет

1. Спортивная борьба, учебник для ИФК под ред. Галковский Н. М.,
2. Катулин А.З.М., ФиС, 1968
3. Спортивная борьба, учебник для ИФК под общей ред. А.П. Купцова.М.: ФиС, 1978
4. Чумаков Г.М. Тактика борца –самбиста М.: ФиС, 1976
5. Купцов А.П. Овсновах единый классификаций,
6. систематический терминологий технических действий Москва 1976
7. Матушак П.Ф. 100 уроков вольной борьбы Алматы 1990